

ОҚУ ПРАКТИКАСЫ - БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

*Токтагулова У.С.¹, Карменова Н.Н.²

¹докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан, e-mail: toktagulova2105@gmail.com

²т.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан, e-mail: karmenova.nursipa@gmail.com

Аңдатпа. Білім берудегі теория мен практиканың өзара байланысы ХХ ғасырдың 80 жылдарының ортасында қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты туындап, педагогика саласының маңызды ұстанымдардың біріне айналып, бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды.

Теория мен практиканың өзара байланысы тұжырымдарын педагог ғалымдар М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Краевскийдің дидактикалық мектептері білім берудегі құзыреттілікке жақын, яғни, білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттері идеяларын ұсынған. Бұл идея бүгінгі күнгі білім берудегі құзыреттілік тәсілге негіз болып, оқу практикалары арқылы жүзеге асырылуда. Құзыреттілік тәсілдің білім, білік дағдылардан айырықша ерекшелігі олар білім берудің нәтижесі ретінде іс-әрекет арқылы көрініс табады. Оқу практикасында білім алушылар теориялық білім, білік, дағдыларды меңгерумен қатар, олар кәсіби міндеттерін сапалы түрде орындау үшін бағдарлама материалдарын оқып-үйренуді ұйымдастыру тәсілдеріне бара-бар іс-әрекетті меңгеру және оны жүзеге асыру негізінде білім беру жағдаяттарын біртұтас модельдей алады. Бұл өз кезегінде білім алушыларды алған білімдерін өздігінен шығармашылықпен қолдануға үйретеді.

ЖОО-ғы заманауи оқу үдерісінде оқу практикасы педагогикалық үрдістің біртұтас бөлігі ретінде болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық даярлығының бірлігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы географиядан оқу практикасы - білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Оқу практикасы оқыту үдерісінде теория мен практиканы байланыстыра отырып, іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асырудың бірден-бір жолы. Өйткені, практикамен бекітілмеген немесе дәлелденбеген теория кез-келген сұрақтарға дұрыс жауап бере алмай, өзінің негізгі мән-мағынасын жоғалтатыны мәлім, ал теориялық негіздемесі жоқ практиканың тиімді әрі мақсатқа бағытталған болуы да мүмкін емес. Оқу практикасынан өту кезінде білім алушы мамандықты дұрыс таңдағанын, өзінің тұлғалық қабілеттерінің болашақ мамандығымен үйлесімділік деңгейін анықтайды, өйткені, оның кәсіби әрекеті практика барысында жетіледі. Сондықтан білім беру жүйесінің алдында оқытудың практикаға-бағдарланған тәсілін жүзеге асыру арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қойылып отыр. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетке практикалық дайындығы оқу-тәрбие жұмысы үрдісінде педагогикалық міндеттерді шешу үшін қажетті педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. Мақалада географиядан оқу практикасы арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру іс-әрекеттік тұрғысынан талқыланады.

Тірек сөздер: білім беру, оқу үдерісі, оқу практикасы, оқу іс-әрекеті, оқытудың практикаға-бағдарланған тәсілі, теория мен практиканың байланысы, болашақ мұғалімдердің практикалық даярлығы, білім алушының тұлғалық қабілеті, кәсіби құзыреттіліктер.

Кіріспе

Педагогикалық іс-әрекетке даярлықтың ерекшелігі - білім алушылар жоғары білім алғаннан кейін оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырушы ретінде мұғалімнің барлық қызметтерін өз бетінше орындауы тиіс. Қазіргі ғылыми зерттеулерде заманауи мұғалімнің білім, білік, дағдыларымен қатар, нақтылы оқу-тәрбие мәселелерін шеше алу қабілеттерін сипаттайтын педагогикалық техниканы меңгеруі бүгінгі күннің талабы болып отыр. Ол педагогикалық әдебиеттерде «білім, білік және дағды кешендерін практикада тиімді қолдану құралы» ретінде қарастырылып, түсіндірілуде [1]. Сондықтан оқу практикасы болашақ мұғалімдер үшін оларға бағыт-бағдар беруші бірден-бір тәжірибе деуге болады. Оқу практикасы кезінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ, жеке пәнді оқыту арқылы алған теориялық білімін практикада қолдануға мүмкіндік туады.

Негізгі ережелер

Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасында практиканың келесі түрлері қарастырылған:

- білім алушылардың бастапқы практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу практикасы;

- мамандық бойынша білім алушылардың жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға, практикалық тәжірибе алуға бағытталған кәсіптік модульдер шеңберінде жүзеге асырылатын өндірістік практика;

- білім алушының бастапқы практикалық тәжірибесін тереңдетуге, жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру мен болашақ маман ретінде кәсіби қызметті жүзеге бағытталған диплом алдындағы практика [2].

Аталған практика барысында білім алушылар теориялық білімді бекіте отырып:

- өзінің кәсіби білімі мен іс-әрекетін жүзеге асыруға;

- біртұтас педагогикалық процеске белсенді араласуға;

- педагогикалық имиджін (кәсіби мамандығын жан-жақты меңгеру, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөлену) қалыптастыруға мүмкіндік алады. Өйткені, бүгінгі таңда жоғары білім берудің басты міндеттерінің бірі кез-келген өмірлік жағдаяттарда кездесетін проблемаларды шешудің бірнеше жолын таба алатындай деңгейдегі түлекті даярлау болып табылады.

Оқу практикасы арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың ерекшелігі, білімді «дайын» күйінде меңгеруден «іс-әрекет» арқылы меңгеруінде. Оқу практикасының мазмұнын таңдау кезінде оқытушылар болашақ маманнан қалыптастырылуы тиіс кәсіби дағдылардың тізбесін басшылыққа алады.

Практиканың барлық түрлері білім беру, дамыту және тәрбие функцияларын атқара отырып, заманауи білім берудің инновациялық әдіс-тәсілдерін кәсіби қызметі мен өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен қолдану қабілеттері қалыптасқан мамандарды даярлауға бағытталған.

Практика арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін Т.С.Сабыров, В.А.Радионова, Б.Р.Айтмамбетова, А.Е.Әбілқасымова,

К.Әбдімажитұлы, К.І.Аманқұлов және т.б. қазақстандық ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады [3]. Сонымен қатар шетелдік ғалымдар М.Х.Ахиллова, М.Х.Неъматова, С. Х. Мамаджонов болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды [4], Е.В.Белик педагогикалық практикада зерттеуді жүзеге асырудың негізгі бағыттарын [5], С.Г.Гусева оқу және педагогикалық практиканың болашақ мамандықты таңдаудың басты факторларын зерттеген [6, 7].

Практика оқу үдерісінде тұлғаға-бағдарланған және құзыреттілік тәсілдерді қолданудың тиімділігін көрсететеді. Тұлғаға-бағдарланған тәсіл, ең алдымен, тұлғаның даралығын, оның мүмкіндіктері мен қабілеттерін оқытушы ретінде, екіншіден, оған білім беру үдерісінің субъектісі ретінде қарауды қарастырады. Осыған орай, қазіргі заманғы кәсіптік білім беру оқу үдерісінде құзыреттілік тәсілді қолдануды талап етеді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Оқу практикасы арқылы болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру, практика арқылы зерттеуді жүзеге асыру туралы іргелі ұстанымдар зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін құрайды.

Оқу практикасы оқыту үдерісінде теория мен практиканы байланыстыра отырып, оқу мен ғылыми зерттеулерді кіріктірудің жаңа педагогикалық инновациялық технологияларын белсенді қолданады. Оқу практикасын ұйымдастырудың ерекшелігі теория мен практиканың ұштасуында. Оқу практикасының ғылыми әдісінің элементтерін теория, оқыту ілімдерінің ғылыми зерттеу әдіснамалары мен практиканы зерттеу әдістері құрайды.

Нәтижелер

Құзыреттілік тәсіл тұрғысынан заманауи білім беру мазмұны мен оқыту нәтижелері жаңа бағытқа бет бұрды. Құзыреттілік тәсіл – бұл оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асыруда іс-әрекетке бағытталған тәсіл. Бұл дәстүрлі білім беру тәсілдеріне балама болып табылады, құзыреттілік тәсілдің ұстанымдарына сәйкес оқу практикасы кезінде біз білім алушыларға нені үйреткіміз келетініне назар аударамыз. Осылайша, білім алушылардың оқу практикасы барысында игеруі қажет құзыреттіліктері анықталады. Құзыреттерді тұжырымдау нақты дағдыларды да, жалпы құзыреттерді де немесе оқу практикасы барысында болашақ мұғалімдер дамытуы тиіс икемді дағдыларды да қамтуы тиіс [8]. Сондықтан жоғары білім берудегі оқыту үдерісінде басты міндеттердің бірі білім, білік, дағдылармен қатар білім мен практиканы кіріктіру арқылы болашақ мұғалімдердің дайындығын дамыту, кәсіби қызметінде практикалық іс-әрекетті жүзеге асыруды меңгеру және т.б. кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды қамтиды.

Жалпы оқу немесе өндірістік практика білім алушылардың педагогикалық кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асыруына бағытталған тәжірибе жинақтауына арналған. Осыған орай тиісті мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларында оқу немес өндірістік практика бекітілген оқу жоспарын ескере отырып, оқу орны бекіткен ұйымдарда өтеді.

«Оқу практикасы не үшін қажет?» - деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, білім алушылар оқу практикасы кезінде оқытудың теориялық негіздерімен қатар практикалық іс-әрекетте қажетті құрал-жабдықтармен, технологиялық процестермен, болашақ мамандықтың негіздерімен танысады.

Оқу практикасының құрылымы оқу бағыты мен мақсат-міндеттеріне қарай өзгеріп отырады, мысалы, физикалық географиядан оқу практикасында ландшафтарды зерттеуде: 1) білім алушыларды ландшафтық зерттеу нысандары – түрлі рангтағы табиғи аумақтық кешендермен таныстырады; 2) табиғи аумақтық кешендердің өзара байланысына талдау жасау тәсілдерін көрсетеді; 3) табиғи аумақтық кешендердің ірі масштабты картасы мен профилін құрастыру әдістерін үйретеді [9].

Оқу практикасының өндірістік практикадан ерекшелігі оқу практикасы оқу үдерісінің теориялық негіздерін зерттеуге бағытталған, ал өндірістік практика аясында білім алушылар практикалық дағдыларды игере отырып, жұмыс орындарында практикаға тікелей қатысады.

Оқу практикасының әдістемелік жаңалығы оқу мен оқу-зерттеулерін ұштастырудың жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерін даярлау болып табылады. Оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауда оқу практикасының ерекшеліктерін (теориялық білім, білік, дағдыларды меңгерумен қатар білім алушыларды кәсіби міндеттерін сапалы түрде орындау үшін оларды практикалық іс-әрекетке, алған білімдерін өздігінен шығармашылықпен қолдануға үйрету, т.б.) ескеру маңызды. Сондықтан оқу практикасы арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда проблемалық-ізденіс, оқу-зерттеу, иммитациялық және оқытудың практикалық әдіс-тәсілдерін үйлестіре немесе ұштастыра қолдану оқу практикасының нәтижесін береді.

Оқу практикасын жүргізудегі проблемалық-ізденіс әдістері (теорияны практикалық жүзеге асыруды сипаттайтын оқу материалдарына практикалық және ситуациялық (жағдаяттық) тапсырмаларды кіріктіре отырып проблемалық сұрақтар қоя білу, эвристикалық әңгіме, оқу-практикалық пікірталас, т.б.) білім алушыларды ойлау, практикалық, шығармашылық іс-ірекетке жетелейді, сонымен қатар алған білімдерін оқу практикасында қолдана отырып, тәжірибелік талдау жасауға, өздігінен қорытындылауға үйретеді. Мысалы, экономикалық географиядан «Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдаят» тақырыбын зерделеуде Қазақстанның демографиялық көрсеткіштері мен демографиялық жағдаятын мысалға ала отырып салыстырмалы талдау жасалады. Ол үшін алдымен, білім алушыларға Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты және одан демографиялық сипаттамаларды табу тапсырмасы беріледі. Ары қарай оқытушы мазмұнға қатысты нақтылы проблемалық сұрақтар құрастырады (1-кесте).

Кесте-1. Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдаят

<i>№</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Дүние жүзі</i>
	<i>Сипаттамасы / проблемалық тапсырмалар</i>	

1.	Демография халық санын, аумақтық орналасу мен құрамын және әлеуметтік, экономикалық сондай-ақ биологиялық және географиялық факторлар негізінде оның өзгерістер заңдылықтарын зерттейді. Қазақстанның демографиялық жағдайына қатысты тенденцияларды анықтау?	Әлемдегі демографиялық жағдайға сипаттама бере отырып, оның әлеуметтік және экономикалық процестерге әсерін анықтау?
2.	Қазақстан халқының саны бүгінгі таңда 19 309 331 адамды құрайды. Қалай ойлайсындар, Қазақстан аумағының жер көлеміне шаққанда бұл сан көп немесе аз ба?	2011 жылы БҰҰ есептері бойынша жер бетінде 7 миллиард тұрғын пайда болды. Бұл біздің планетамыз үшін көп пе, жоқ па немесе халық санының артуы Жер ғаламшарына қандай қауіп төндруі мүмкін?
3.	Демографиялық статистиканың негізгі көрсеткіштеріне: халықтың саны мен құрамының көрсеткіштері, туғандар мен қайтыс болғандардың саны, неке, ажырасу, елге келгендер мен кеткендер саны, сондай-ақ ел ішінде және оның аймақтарында келушілер мен кетушілер саны кіреді. Статистикалық көрсеткіштер негізінде Қазақстан халқының аумақтар бойынша құрамын анықтау.	Демографиялық проблемалар алуан түрлі, соның бірі әлемдегі халық санының өсуі. Әлем елдері бойынша халықтың қоныстануы мәселелерін қалай шешуге болады?
	Коронавирус ауруының пандемиясы 2019 жылы, желтоқсан айының ортасында орталық Қытайда орналасқан Хубэй провинциясына кіретін Ухань қаласында анықталған.	
4.	Қазақстандағы COVID-19 пандемиясы елдің демографиялық жағдайына қалай әсер етті?	COVID-19 пандемиясының дүние жүзі елдерінің демографиялық жағдайына әсер қандай?

Кестеде берілген демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдаяттарға қатысты проблемалық тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар өздеріне «беймәлім» проблеманы шешуге жұмылады, іздену, зерттеу жұмыстарына төселеді, алған білімді жаңа мақсатқа пайдалану дағдылары қалыптасып, өздігінен оқуға үйренеді.

Оқу практикасында арнайы зерттеу тапсырмалары, оқу тақырыбы бойынша проблемалық мәселелер, теориялық материалды жинау немесе эмпирикалық зерттеу тапсырмалары білім алушылардың оқу-зерттеу іс-әрекеттерін өздігінен жүзеге асыру мен оның нәтижелерін қорытындылау біліктері мен қабілеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ал оқу практикасы кезеңіндегі имитациялық әдістер: а) нақты өндірістік жағдайлар мен міндеттерді талдау; ә) жағдаяттық шешімдер; б) практикалық тапсырмалар; в) дайын нұсқаларды талқылау және т.б кәсіби педагогикалық дағдылар мен оқытуды көздейтін және кәсіптік қызметті модельдеумен байланысты жоғары буын маманының талдамалық сипаттағы міндеттерді шешу қабілетін, оның өндірістік жағдайды тұтастай және егжей-тегжейлі қарау, бағалау білігін осы талдау негізінде дұрыс шешім қабылдай отырып қалыптастырады [10].

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында ЖОО оқыту үдерісінде білім мен практиканы кіріктіру арқылы болашақ мұғалімдердің дайындығын дамыту, кәсіби қызметінде практикалық іс-әрекетті жүзеге асыруды меңгеру сияқты кәсіби құзыреттерді қалыптастыру жан-жақты талданып, оқу практикасында арнайы тапсырмаларды иммитациялық әдістер арқылы бағалау көрсеткіштері анықталды.

Кесте-2. Оқу практикасында арнайы тапсырмаларды иммитациялық әдістер арқылы бағалау

<i>№ р/с</i>	<i>Имитациялық әдістер</i>	<i>Тапсырма түрлері</i>	<i>Құзыреттіліктер</i>	<i>Бағалау (балл)</i>
1.	Педагогикалы-/өндірістік жағдайлар мен міндеттерді талдау.	- оқу практикасы тапсырмаларын анықтау;	Білім мен практиканы кіріктіру арқылы болашақ мұғалімдердің дайындығын дамыту, кәсіби қызметінде практикалық іс-әрекетті жүзеге асыруды меңгеру	
2.	Оқу практикасына қатысты нақты жағдаяттық шешімдер қабылдау.	- оқу практикасы бойынша проблемалық мәселелер қоя білу;		
3.	Практикалық тапсырмаларды іріктеу.	- теориялық немесе эмпирикалық зерттеу материалдарын жинақтау; - оқу-зерттеу іс-әрекеттері;		
4.	Оқу практикасының дайын нұсқаларынталқылау.	- өздігінен жүзеге асыру және нәтижелерін қорытындылау.		

Ескерту: Оқу практикасында арнайы тапсырмаларды иммитациялық әдістер арқылы бағалау көрсеткіштері зерттеудің келесі кезеңдерінде анықталады.

Практикалық оқыту әдістері кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде білім алушылардың тапсырмаларды өздері орындауын қамтамасыз етеді.

Талқылау

Оқу және өндірістік практика білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде оқу және өндірістік практикадан өткеннен кейін білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің артқандығын көрсетті.

Оқу практикасы білім алушылардың жалпы кәсіби құзыреттерді қалыптастырады, ал өндірістік практикада жалпы кәсіби құзыреттер дамып, мұғалімнің оқыту іс-әрекетіне дайындығы қалыптасады. Өйткені, өндірістік практикада тәжірибе алмасу барысында алынған практикалық дағдылар болашақ мұғалімнің оқу үдерісіндегі іс-әрекетті, кәсіби міндеттерді жақсы түсінуіне ықпал етеді.

Практиканы ұйымдастыра отырып әрбір білім алушыларды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тұлғаға бағдарланған шығармашылық сипатын қамтамасыз ету бүгінгі күннің талабы. Педагогикалық ортада тәжірибе барысында алынған практикалық дағдылар болашақ мұғалімнің іс-әрекеті, алдағы кәсіби міндеттері туралы жақсы түсінуге ықпал етеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, оқу практикасы білім алушының педагог болудағы кәсіби құзыреттерінің қалыптасуының маңызды кезеңі.

Оқу немесе өндірістік практикадан өту кезеңінде болашақ мұғалімдердің педагогикалық үлгісі қалыптасып, болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі педагогикалық қызметті ары қарай жалғастырудың жолы айқын көрінуі тиіс.

Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру оқу мен практиканың кіріктірілуімен тікелей байланысты. Зерттеу барысында білім алушыларың құзыреттіліктерін қалыптастыруда, алдымен олардың теориялық даярлығына мән беру қажеттігі анықталды. Ол үшін оқу үдерісінде тұлғаға-бағдарланған, құзыреттілік тәсілдерді ұстана отырып, заманау педагогикалық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашу маңызды.

Сонымен оқу практикасының білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда мүмкіндігі зор, ол білім алушылардың қоғамдық және білім беру ұйымдарымен өзара қарым-қатынасы арқылы білім сапасын арттыру, өз бетінше ізденіс, білім алу, тұлғалық өсу кәсіби іс-әрекеттерінен көрініс табады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Арзамасцева Н.Г., Курочкина Л.В. Учебная практика как условие формирования профессиональных компетенций студентов //Вестник Марийского государственного университета. - 2020. - Т. 14. - №1. - С.11-17. - Режим доступа URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchebnaya-praktika-kak-uslovie-formirovaniya-professionalnyh-kompetentsiy-studentov> [Дата обращения: 10.03.2022].

[2] 6В01510-«География» Білім беру бағдарламасы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. - Алматы, 2021. - 32 б.

[3] Балабаева А.И. Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. Оқу құралы, - Алматы, 2019. - 187 б.

[4] Ахлиллов Т. Формирование профессиональной компетенции будущих педагогов в условиях вузовского образования //Известия ВУЗов Кыргызстана. - 2018. - №15. - С. 121-124. - Режим доступа URL: <http://science-journal.kg/ru/journal/2/archive/11982> [Дата обращения: 15.03.2022].

[5] Белик Е.В. Основные направления реализации исследовательского потенциала педагогической практики //Проблемы современного педагогического образования. - 2020. - №69-1. - С. 76-79.

[6] Гусева С.Г. Учебная и педагогическая практика как ключевые факторы выбора будущей профессии //Конструирование педагогической заметки. - 2018. - №6-1(9). - С. 136-161.

[7] Скрыбина А.Г. Учебная практика как средство формирования педагогической компетентности обучающегося педагогического отделения /А.Г. Скрыбина, А.В. Иванова //Глобальный научный потенциал. - 2020. - №11(116). - С.188-190.

[8] Печеркина А.А. Развитие профессиональной компетентности педагога: теория и практика: монография. Урал. гос. пед. ун-т. – Екатеринбург, 2011. – 233 с.

[9] Tomcikova I. and I. Rakytova /European Journal of Geography 9 1 49-61 (2018). - Access mode: URL: <https://scholar.google.com/citations?user=oDyY5J0AAAAJ&hl=ru> [Date of access:18.03.2022].

[10] Рудакова А.А., Зайцева А.С. Элективные курсы «Учебная практика» и «Производственная практика» как средство формирования профессиональных компетенций школьников // Педагогика и просвещение. - 2021. - №1, - С. 1-13. - Режим доступа URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=34545 [Дата обращения: 18.03.2022].

[11] Линда Дарлинг-Хаммонд, Лиза Флук, Чанна Кук-Харви, Бриджит Бэррон & Дэвид Ошер. Значение для образовательной практики науки обучения и развития //Прикладная наука о развитии. Том 24, 2020 г. - Выпуск 2. - С. 97-140.

REFERENCES

[1] Arzamastseva N.G., Kurochkina L.V. Uchebnaya praktika kak uslovie formirovaniya professional'nykh kompetentsii studentov (Educational practice as a condition for formation of students' professional competencies). //Vestnik Mariiskogo gosudarstvennogo. - 2020, -Vol. 14, №1. - ss. 11-17. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchebnaya-praktika-kak-uslovie-formirovaniya-professionalnyh-kompetentsiy-studentov> [Data obrasheniya: 10.03.2022. [in Rus.]

[2] 6B01510-«Geogriya» Bilim beru bagdarlamasy (Educational program 6B01510-«Geography»). Kazakh ul'tyq kyzdar pedagogikalyk universiteti. - Almaty, 2021, - 32 b. [in Kaz.]

[3] Balabaeva A.I. Pedagogikalyk praktikada studentterdin kasibi bagyttylygyn kalypastyru (Formation of professional orientation of students in pedagogical practice). Oku kuraly, - Almaty, 2019. - 187 b. [in Kaz.]

[4] Akhilloev T. Formirovanie professional'noi kompetencii budushikh pedagogov v usloviakh vusovskogo obrazovaniya (Formation of professional competence of future teachers in the conditions of university education) /T. Akhilloev, M.Kh. Nematva, S.Kh. Mamadzhanov //Izvestiya VUZov Kyrgyzstana. - 2018, - №. 15. - ss. 121-124. URL: <http://science-journal.kg/ru/journal/2/archive/1198> [Data obrasheniya: 15.03.2022]. [in Rus.]

[5] Belik E.V. Osnovnye napravleniya realizatsii issledovatel'skogo potentsila pedagogicheskoi praktiki (The main directions of realization of the research potential of pedagogical practice) //Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya / E.V. Belik, A.V. Ignatova. - 2020, - № 69-1. - ss. 76-79.

[6] Guseva S.G. Uchebnaya i pedagogicheskaya praktika kak kliuchevye faktory vybora budushei professii (Educational and pedagogical practice as key factors in choosing a future profession). //Konstruirovaniye pedagogicheskoi zametki. - 2018, - № 6-1(9). - ss. 136-161. [in Rus.]

[7] Skryabina A.G. Uchebnaya praktiki kak sredstvo formirovaniya pedagogicheskoi kompetentnosti obuchaiushchegosya pedagogicheskogo otdeleniya (Educational practice as a means of forming the pedagogical competence of a student of the pedagogical department) /A.G. Skriabina, A.V. Ivanova //Global'nyi nauchnyi potentsial. – 2020. - №11(116). - ss. 188-190. [in Rus.]

[8] Pecherkina A.A. Razvitiye professionalnoi kompetentnosti pedagoga: teoriya i praktika: monografiya (Development of professional competence of a teacher: theory and practice: monograph). Ural. gos. ped. un-t. - Yekaterinburg, 2011. - 233 p. [in Rus.]

[9] Tomcikova I. and I. Rakytova /European Journal of Geography 9 1 49-61 (2018). - Access mode: URL: <https://scholar.google.com/citations?user=oDyY5J0AAAAJ&hl=ru> [Date of access:18.03.2022].

[10] Rudakova A.A., Zaitseva A.S. Electivnye kursy "Uchebnaya praktika" i "Proizvodstvennaya praktika" kak sredstvo formirovaniya professional'nykh kompetentsii shkol'nikov (Elective courses "Educational practice" and "Industrial practice" as a means of

forming professional competencies of schoolchildren) //Pedagogika i prosbeshchenie. – 2021. - №1. - ss 1-13. URL:https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=34545 [Data obrasheniya: 18.03.2022]. [in Rus.]

[11] Linda Darling-Hammond, Lisa Fluk, Channa Cuk-Harvi, Bridzhit Barron & Devid Osher. Znachenie dlya obrazovatelnoi praktiki nauki obucheniya i razvitiya (Implications for educational practice of the science of learning and development) //Prikladnaya nauka o razbitii. - 2020. 24:2, 97-140 [in Rus.]

УЧЕБНАЯ ПРАКТИКА - СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

***Токтагулова У.С.¹, Карменова Н.Н.²**

***¹докторант, Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан, e-mail: toktagulova2105@gmail.com**

**²к.г.н., доцент, Казахский национальный женский педагогический
университет, Алматы, Казахстан, e-mail: karmenova.nursipa@gmail.com**

Аннотация. Взаимосвязь теории и практики в образовании возникла в середине 80-х годов XX века в связи с социально-экономическими изменениями в обществе и стала одной из важнейших позиций в области педагогики и легла в основу исследований ряда ученых.

Концептуальные основы о взаимосвязи теории и практики были сформулированы в дидактических школах М.Н.Скаткина, И.Я.Лернера и В.В.Краевского, ученые педагоги выдвигали идеи творческой деятельности обучающихся, который близки к компетенции образования. Эта идея сегодня лежит в основе компетентностного подходы в образовании и реализуются через учебные практики. Отличительной чертой компетентностного подхода от знаний, умений и навыков является то, что они проявляются через деятельность как результат образования. В учебной практике обучающиеся наряду с приобретением теоретических знаний, умений, навыков могут целостно моделировать образовательные ситуации на основе усвоения и осуществления деятельности, адекватной способом организации изучения материалов программы для качественного выполнения ими профессиональных задач. Это в свою очередь, учит обучающихся творчески применять полученные знания самостоятельно.

В учебной практике обучающиеся наряду с приобретением теоретических знаний, умений, навыков могут целостно моделировать образовательные ситуации на основе усвоения и осуществления деятельности, адекватной способам организации изучения материалов программы для качественного выполнения ими профессиональных задач. Это, в свою очередь, учит обучающихся творчески применять полученные знания самостоятельно.

В современном учебном процессе в вузе учебная практика как единая часть педагогического процесса обеспечивает единство теоретической и практической подготовки будущих учителей. Учебная практика по географии в педагогических вузах является составной частью образовательной программы. Учебная практика является единственным способом реализации деятельностного подхода в процессе обучения с привязкой теории и практики. Потому, что теория, не подкрепленная или не доказанная практикой, не может правильно ответить на любые вопросы и лишиться своего основного смысла, а практика, не имеющая теоретического обоснования, не может быть эффективной и целенаправленной. При прохождении учебной практики обучающийся определяет правильный выбор профессии, уровень совместимости своих личностных способностей с будущей профессией, так как его профессиональная деятельность совершенствуется в ходе практики. Поэтому перед системой образования ставится вопрос формирования профессиональных компетенций будущих учителей через реализацию практико-

ориентированного подхода к обучению. Практическая готовность будущих учителей к педагогической деятельности предполагает формирование педагогических компетенций, необходимых для решения педагогических задач в процессе учебно-воспитательной работы. В статье рассматривается формирование профессиональных компетентности обучающихся через учебную практику по географии в контексте деятельностного подхода.

Ключевые слова: образование, учебный процесс, учебная практика, учебная деятельность, практико-ориентированный подход к обучению, связь теории и практики, практическая подготовка будущих учителей, личностные способности обучающегося, профессиональные компетенции.

EDUCATIONAL PRACTICE IS A MEANS OF FORMING PROFESSIONAL COMPETENCIES OF STUDENTS

*Toktagulova U.S.¹, Karmenova N.N.²

¹doctoral student, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: toktagulova2105@gmail.com

²c.g.s., associate professor, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: karmenova.nursipa@gmail.com

Abstract. The interrelation of theory and practice in education arose in the mid-80s of the twentieth century in connection with socio-economic changes in society and has become one of the most important positions in the field of pedagogy and formed the basis of research by a number of scientists.

The conceptual foundations of the relationship between theory and practice were formulated in the didactic schools of M.N.Skatkin, I.Ya.Lerner and V.V.Kraevsky, scientists and teachers put forward ideas of creative activity of students who are close to the competence of education. This idea today lies at the heart of competency-based approaches in education and is implemented through educational practices. A distinctive feature of the competence approach from knowledge, skills and abilities is that they manifest themselves through activity as a result of education. In educational practice, students, along with the acquisition of theoretical knowledge, skills, and abilities, can holistically model educational situations based on the assimilation and implementation of activities that are adequate in the way of organizing the study of program materials for the qualitative performance of their professional tasks. This, in turn, teaches students to creatively apply the acquired knowledge independently.

In educational practice, students, along with acquiring theoretical knowledge, skills, and abilities, can holistically model educational situations based on the assimilation and implementation of activities adequate to the ways of organizing the study of program materials for the qualitative performance of their professional tasks. This, in turn, teaches students to creatively apply their knowledge independently.

In the modern educational process at the university, educational practice as a single part of the pedagogical process ensures the unity of theoretical and practical training of future teachers. Educational practice in geography in pedagogical universities is an integral part of the educational program. Educational practice is the only way to implement an activity-based approach in the learning process with the linking of theory and practice. Because a theory that is not supported or proven by practice cannot correctly answer any questions and lose its main meaning, and a practice that does not have a theoretical basis cannot be effective and purposeful. During the training practice, the student determines the right choice of profession, the level of compatibility of his personal abilities with the future profession, since his professional activity is improved during the practice. Therefore, the education system is faced with the question of the formation of professional competencies of future teachers through the implementation of a practice-oriented approach to learning. The practical readiness of future teachers for pedagogical activity presupposes the formation of pedagogical competencies necessary for solving pedagogical tasks

in the process of educational work. The article considers the formation of professional competence of students through educational practice in geography in the context of the activity approach.

Key words: education, educational process, educational practice, educational activity, practice-oriented approach to learning, connection of theory and practice, practical training of future teachers, personal abilities of the student, professional competencies.

Статья поступила 04.05.2022